

2017 жылғы 13 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының № 170 Шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 139 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 344-бабы 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. 2017 жылғы 13 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың кейбір мәселелері туралы" № 170 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ 2026 жылғы 1 шілдеден ерте емес күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының төрағасы*

Б. Сағынтаев

2025 жылғы "24" желтоқсандағы
Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
№ 139 Шешіміне
ҚОСЫМША

2017 жылғы 13 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының № 170 Шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 2-тармақ келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

1. "Кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты белгіленген тасымалдау бағытын белгілеуге, өзгертуге және сақтауға байланысты кедендік операцияларды орындау тәртібі."

2. Келесі мазмұндағы Тауарларды кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты белгіленген тасымалдау бағытын белгілеуге, өзгертуге және сақтауға байланысты кедендік операцияларды орындау тәртібімен толықтырылсын:

"2025 жылғы "24" желтоқсандағы
Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
№ 139 Шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Тауарларды кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты белгіленген тасымалдау бағытын белгілеуге, өзгертуге және сақтауға байланысты кедендік операцияларды орындау ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы бойынша автомобиль көлігімен тасымалданатын, кедендік транзит кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларға қатысты белгіленген тауарларды тасымалдау маршрутын айқындау, өзгерту және сақтау кезінде кедендік операцияларды іске асыру тәртібін белгілейді.

2. Осы Тәртіптің ережелері автомобиль жолдары бойынша қозғалысы арнайы рұқсаттың болуын және олардың маршруттарын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі - мүше мемлекеттер) көлік саласындағы заңнамасына сәйкес келісуді көздейтін ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті көлік құралдарына қолданылмайды.

3. Тауарларды тасымалдау маршрутын белгілеу туралы шешімді жөнелту кеден органы лауазымды тұлғасы көлік (тасымалдау) құжаттарында көрсетілген мәліметтер негізінде, кедендік бақылау объектілерін іріктеу қағидаты мен осындай бақылауды қамтамасыз ететін шараларға сәйкес, тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалана отырып, сондай-ақ келесі құжаттар мен мәліметтерді (бар болған жағдайда) ескере отырып қабылдайды:

аумағында жөнелту кеден органы мен тағайындау кеден органы орналасқан мүше мемлекеттердің кеден органдарының, сондай-ақ аумақтары арқылы тауарларды тасымалдау жүзеге асырылуы көзделетін мүше мемлекеттердің кеден органдарының келісілген шешімі;

аумағы арқылы тауарларды тасымалдау жүзеге асырылуы көзделетін мүше мемлекеттің кеден органының тауарларды тасымалдау маршрутын белгілеу туралы өтінішті қарау нәтижелері.

Еуразиялық экономикалық одақта тасымалдауларды қадағалау үшін навигациялық пломбаларды қолдану туралы 2022 жылғы 19 сәуірдегі Келісімге сәйкес тасымалдауларды қадағалау мақсатында навигациялық пломбалар пайдаланылған жағдайда, егер тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып өзге шешім қабылданбаса, сондай-ақ осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген құжаттар мен мәліметтердің болуы ескерілмесе, тауарларды тасымалдау маршруты белгіленбейді.

4. Егер тауарларды кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес шығару кезінде тауарларды тасымалдау маршрутын белгілеу туралы шешім қабылданған жағдайда, жөнелту кеден органы лауазымды тұлғасы:

а) тауарларды шығару, тауарларды шығарудан бас тарту және тауарларды шығаруды жою, тауарларды шығару мерзімін тоқтата тұру туралы шешімдерді ресімдеу, мұндай тоқтата тұру мерзімін ұзарту және оның күшін жою, сондай-ақ мұндай шешімдердің қабылданғаны туралы хабарлау жөніндегі кедендік операцияларды іске асырады (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 19 желтоқсандағы №188 шешімімен бекітілген тауарларды шығару, тауарларды

шығарудан бас тарту және тауарларды шығаруды жою жөніндегі кедендік операцияларды іске асыру тәртібінің 9–13-тармақтарына сәйкес);

б) транзиттік декларацияда немесе Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес транзиттік декларация ретінде пайдаланылатын өзге құжаттарда "Маршрут:" деген белгі қояды және онда аралық кеден органы (аралық кеден органдары) үшін кодты, атауын, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі №145 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының сыныптауышына сәйкес аралық кеден органының кодын, белгіленген кезектілікке сәйкес тауарларды тасымалдау маршрутын сақтау тәртібін, күнді (күні.айы.жылы форматында - күн, ай, күнтізбелік жылдың соңғы екі цифры) көрсете отырып, сондай-ақ мұндай белгіні жөнелту кеден органы лауазымды тұлғасының қолымен және жеке нөмірлік мөрінің таңбасымен куәландырады (егер транзиттік декларация жөнелту кеден органына қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынылған болса).

5. Жөнелту кеден органы белгілеген тауарларды тасымалдау маршрутын өзгерту үшін, тасымалдаушы Кодекстің 150-бабында көзделген міндеттерді орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда, жөнелту кеден органы белгілеген кедендік транзит мерзімі аяқталғанға дейін Кодекстің 362-бабына сәйкес тауарларды тасымалдау маршрутын өзгерту туралы негізделген өтінішті (бұдан әрі - өтініш) жөнелту кеден органына немесе оның жүру жолында орналасқан, тауарларды тасымалдау маршрутын өзгертуге байланысты кедендік операцияларды жүргізуге уәкілетті және қызмет ету аймағында тауарлар мен көлік құралы орналасқан кеден органына береді.

Өтініш берген кезде тасымалдаушының тиісті кеден органына нақты келуі және осы кеден органына көлік құралын және (немесе) тауарларды ұсынуы талап етілмейді.

6. Өтініште келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

а) тасымалдаушы туралы мәліметтер:

заңды тұлғаның, заңды тұлға болып табылмайтын ұйымның (бұдан әрі - ұйым) толық немесе қысқартылған атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

салық нөмірі (бар болған жағдайда). Осы Тәртіпті қолдану мақсатында салық нөмірі деп мыналар түсініледі:

Армения Республикасында - салық төлеушінің есептік нөмірі (СЕН) (жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларды қоспағанда) немесе жеке тұлға үшін қоғамдық қызметтердің нөмірлік белгісі (ҚҚНБ), не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі;

Беларусь Республикасында - төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН) (жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларды қоспағанда) немесе жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда);

Қазақстан Республикасында - ұйым (филиал және өкілдік) үшін және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызмет жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), не жеке кәсіпкерлікті жеке түрде жүзеге асыратын жеке тұлға үшін жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі ;

Қырғыз Республикасында - заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер үшін салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (СТСН), не Қырғыз Республикасының аумағында коммерциялық қызмет жүзеге асыратын және жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға үшін дербес сәйкестендіру нөмірі;

Ресей Федерациясында - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (СТН), ал заңды тұлға үшін қосымша тіркеу себебінің коды (ТСК) (заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі үшін сол бөлімшенің орналасқан жері бойынша берілген ТСК көрсетіледі);

мекенжайы (елдің қысқаша атауы, әкімшілік-аумақтық бірлік (өңір, облыс, аудан және т.б.), елді мекен, көше, үй нөмірі, корпус (ғимарат) нөмірі, кеңсе (пәтер, бөлме) нөмірі) - заңды тұлғаның, ұйымның орналасқан жері немесе жеке тұлғаның тұрғылықты жері;

б) транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі.

Егер транзиттік декларация ретінде МДП кітапшасы немесе АТА карнеті қолданылса, қосымша түрде МДП кітапшасының немесе АТА карнетінің сериясы мен нөмірі көрсетіледі;

в) тауарларды тасымалдауды (жеткізуді) жүзеге асыратын заңды тұлғаның, ұйымның толық немесе қысқартылған атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген мәліметтермен сәйкес келген жағдайларды қоспағанда);

г) тауарларды тасымалдау маршрутын өзгерту қажеттігін туындатқан мән-жайлар туралы мәліметтер (осы Тәртіптің 8-тармағына сәйкес);

д) тауарлар мен көлік құралының орналасқан жері туралы мәліметтер (оның ішінде өңір көрсетіледі);

е) көлік (тасымалдау) құжаттарын ескере отырып, тауарларды тасымалдаудың болжамды маршруты туралы мәліметтер;

ж) өтінішті қарау нәтижелері туралы тасымалдаушыға хабарлау үшін қолайлы тәсіл туралы мәліметтер (мысалы, электрондық пошта, телефон және т.б.), тиісті электрондық пошта мекенжайын, телефон нөмірін көрсете отырып.

7. Егер жөнелту кеден органына транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынылған болса және өтініш те қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілсе, онда көрсетілген өтінішке қосымша ретінде қағаз тасымалдағыштағы транзиттік декларация немесе тасымалдаушы куәландырған оның қағаз көшірмесі қоса беріледі.

8. Тауарларды тасымалдау маршрутын өзгерту қажеттігін туындатқан мән-жайлар өтініште көрсетіледі және өтініште көрсетілген ашық ақпарат көздеріне (оның ішінде "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде орналастырылған мәліметтерге) сілтемелермен және (немесе) өтінішпен бірге ұсынылатын құжаттармен расталады:

а) электрондық құжаттар түрінде немесе құжаттардың электрондық көшірмелері қағаз тасымалдағышта (егер өтініш электрондық құжат түрінде немесе құжаттың электрондық көшірмесі қағаз тасымалдағышта жіберілсе);

б) қағаз тасымалдағыштағы құжаттар түрінде (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде жіберілсе).

9. Өтініш келіп түскен кеден органы лауазымды тұлғасы:

а) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ өтініш түскен сәттен бастап кеден органының жұмыс уақытының 1 сағатынан кешіктірмей, оны кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы тіркеу нөмірін бере отырып тіркейді;

б) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ өтініш тіркелген сәттен бастап кеден органының жұмыс уақытының 3 сағатынан кешіктірмей:

кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, жөнелту кеден органына тауарларды кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес шығару туралы сұрау жібереді (егер өтініш жөнелту кеден органына түспесе және өтініш келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесінде мұндай мәліметтер болмаса);

тауарларды тасымалдау маршрутын өзгерту туралы немесе мұндай маршрутты өзгертуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

10. Өтініш келіп түскен кеден органы келесі жағдайларда тауарларды тасымалдау маршрутын өзгертуден бас тартады:

а) өтініш осы Тәртіптің 5-тармағының бірінші абзацында көзделмеген кеден органына келіп түскен болса;

б) өтініш кедендік транзит мерзімі аяқталғаннан кейін берілген болса;

в) өтінішті тасымалдаушы бермеген болса;

г) өтініште осы Тәртіптің 6-тармағының "а" - "е" тармақшаларында көрсетілген мәліметтер болмаса немесе кеден органы аталған тармақшаларда көрсетілген ұсынылған мәліметтердің дұрыс еместігін анықтаса;

д) өтінішке қағаз тасымалдағыштағы транзиттік декларация немесе тасымалдаушы куәландырған оның қағаз көшірмесі қоса берілмесе (осы Тәртіптің 7-тармағында көзделген жағдайда);

е) бас тарту тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижелерінің негізінде жүзеге асырылса;

ж) тауарларды тасымалдау маршруты осы Тәртіптің 3-тармағының екінші және үшінші абзацтарына сәйкес белгіленген болса (тасымалдаушының Кодекстің 150-бабында көзделген міндеттерін орындауға кедергі келтіретін апат, еңсерілмейтін күш әрекеті немесе өзге де мән-жайларға байланысты жағдайларды қоспағанда).

11. Тауарларды тасымалдау маршрутын өзгерту туралы шешім қабылданған жағдайда, өтініш келіп түскен кеден органы лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 9-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген мерзімде:

а) кеден органының ақпараттық жүйесіне тауарларды тасымалдау маршрутының өзгеруі туралы ақпарат енгізеді;

б) кеден органының ақпараттық жүйесінде тауарларды тасымалдау маршрутының өзгеруі туралы хабарлама қалыптастырады және оны жөнелту кеден органына (егер өтініш жөнелту кеден органына түспесе), тағайындау кеден органына, сондай-ақ қызмет аймағында тауарларды түсіру, қайта тиеу (аудару), тауарларға қатысты өзге жүк операциялары немесе осындай тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдарына (бұдан әрі - жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған қызмет аймағындағы кеден органдары), сондай-ақ кедендік транзит кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды тасымалдау маршрутын белгілеу кезінде айқындалған аралық кеден органдарына (егер ол белгіленген болса) немесе оны өзгерту кезінде анықталған аралық кеден органдарына (бұдан әрі - аралық кеден органдары) жібереді;

в) Кодекстің 362-бабына сәйкес тасымалдаушыны (өтініште көрсетілген хабарлау тәсілін ескере отырып) тауарларды тасымалдау маршрутының өзгеруі туралы және "Маршрут өзгертілді:" деген белгісі бар транзиттік декларацияны немесе тасымалдаушы куәландырған оның қағаз көшірмесін алу мүмкіндігі туралы хабардар етеді. Бұл белгіде өзгертілген маршрут бойынша анықталған аралық кеден органдарының кодтары, атаулары, белгіленген кезектілікке сәйкес реттік нөмірлері, күні кк.аа.жж форматында (күн, ай, күнтізбелік жылдың соңғы екі саны) көрсетіледі және кеден органы лауазымды тұлғасының қолымен және оның жеке нөмірлік мөрінің таңбасымен куәландырылады (егер өтінішке қағаз тасымалдағыштағы транзиттік декларация немесе тасымалдаушы куәландырған оның қағаз көшірмесі қоса берілген болса), сондай-ақ осы Тәртіптің 8-тармағында көрсетілген құжаттар да беріледі (егер мұндай құжаттар қағаз тасымалдағышта ұсынылған болса).

12. Егер осы Тәртіптің 11-тармағының "б" тармақшасында көзделген хабарлама жіберілгеннен кейін онда көрсетілген мәліметтер мен тауарларды тасымалдау маршрутын өзгерту үшін ұсынылған құжаттар және (немесе) мәліметтер арасындағы сәйкессіздіктер (транзиттік декларацияның тіркеу нөмірін қоспағанда) анықталса, өтініш келіп түскен кеден органы өз ақпараттық жүйесінде анықталған сәйкессіздіктерді жою үшін мәліметтерге түзету енгізеді.

Мұндай түзету өтініште көрсетілген транзиттік декларация бойынша кедендік транзит кедендік рәсімінің қолданылуы аяқталғанға (тоқтатылғанға) дейін жүргізіледі.

Егер өтініш келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесінде кедендік транзит рәсімінің аяқталғаны (тоқтатылғаны) туралы мәліметтер болмаса, мұндай мәліметтер

жөнелту кеден органына тауарларды кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес шығару туралы сұрау жіберу арқылы алынуы мүмкін.

Мәліметтерге түзету енгізілгеннен кейін кеден органы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ сәйкессіздіктер анықталған сәттен бастап кеден органының жұмыс уақытының 3 сағатынан кешіктірмей, осы Тәртіптің 11-тармағының "б" тармақшасында көзделген кеден органдарына тауарларды тасымалдау маршрутының өзгеруі туралы хабарламадағы мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлама қалыптастырып және жібереді.

13. Егер осы Тәртіптің 11-тармағының "б" тармақшасында көзделген хабарлама жіберілгеннен кейін онда көрсетілген транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі мен өтініште көрсетілген транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі арасында сәйкессіздік анықталса, өтініш келіп түскен кеден органы:

анықталған сәйкессіздіктерді жою үшін өзінің ақпараттық жүйесіне өзгерістер енгізеді;

өзінің ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, осы Тәртіптің 11-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген кеден органдарына:

кедендік транзит рәсіміне орналастырылған тауарларға қатысты белгіленген тауарларды тасымалдау маршрутының өзгеруі туралы хабарламаны жою туралы хабарлама;

кедендік транзит рәсіміне орналастырылған тауарларға қатысты белгіленген тауарларды тасымалдау маршрутының өзгеруі туралы жаңа хабарлама жібереді.

Осы тармақта көзделген әрекеттер өтініш келіп түскен кеден органында өтініште көрсетілген транзиттік декларация бойынша кедендік транзит рәсімінің аяқталғаны (тоқтатылғаны) туралы мәліметтер болмаған жағдайда, мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ сәйкессіздіктер анықталған сәттен бастап кеден органының жұмыс уақытының 3 сағатынан кешіктірмей жүзеге асырылады.

14. Тауарларды тасымалдау маршрутын өзгертуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, өтініш келіп түскен кеден органы лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 9-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген мерзімде Кодекстің 362-бабына сәйкес тасымалдаушыны (өтініште көрсетілген хабарлау тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып) тауарларды тасымалдау маршрутын өзгертуден бас тарту туралы (бас тарту себептерін көрсете отырып) хабардар етеді және келесілерді алу мүмкіндігі туралы ақпарат береді:

а) тауарларды тасымалдау маршрутын өзгертуден бас тарту туралы белгі қойылған өтініштің көшірмесі (бас тарту себептері көрсетіле отырып) және мұндай белгі кеден органы лауазымды тұлғасының қолымен және оның жеке нөмірлік мөрінің таңбасымен куәландырылады (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілген болса);

б) транзиттік декларация немесе тасымалдаушы куәландырған оның қағаз көшірмесі (егер өтінішке қағаз тасымалдағыштағы транзиттік декларация немесе тасымалдаушы куәландырған оның қағаз көшірмесі қоса берілген болса);

в) осы Тәртіптің 8-тармағында көрсетілген құжаттар (егер мұндай құжаттар қағаз тасымалдағышта ұсынылған болса).

15. Тауарларды тасымалдау маршрутының сақталуын растау үшін тасымалдаушы:

а) аралық кеден органына транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі туралы мәліметтерді (егер транзиттік декларация жөнелту кеден органына электрондық құжат түрінде ұсынылған болса) және көлік (тасымалдау) құжаттарын немесе транзиттік декларацияны қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынады (егер транзиттік декларация жөнелту кеден органына қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынылған болса);

б) аралық кеден органының талабы бойынша кедендік бақылау жүргізу үшін тауарлары бар көлік құралын аралық кеден органының қызмет аймағында орналасқан кедендік бақылау аймағына немесе аралық кеден органы көрсеткен өзге орынға орналастырады.

16. Аралық кеден органы лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 15-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген мәліметтер мен құжаттар ұсынылған сәттен бастап мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ кеден органының жұмыс уақытының 3 сағатынан кешіктірмей:

а) кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, жөнелту кеден органына тауарларды кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес шығару туралы сұрау жібереді (егер аралық кеден органының ақпараттық жүйесінде мұндай ақпарат болмаса);

б) кеден органының ақпараттық жүйесіне тауарларды тасымалдау маршрутының сақталуы туралы ақпарат енгізеді;

в) кеден органының ақпараттық жүйесінде тауарларды тасымалдау маршрутының сақталуы туралы хабарлама қалыптастырады және оны жөнелту кеден органына, тағайындау кеден органына, сондай-ақ қызмет аймағында жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдарына және аралық кеден органдарына жібереді;

г) егер транзиттік декларация жөнелту кеден органына электрондық құжат түрінде ұсынылған болса және жөнелту кеден органы орналасқан мемлекет аралық кеден органы орналасқан мемлекетпен сәйкес келсе, кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып тауарларды тасымалдау маршрутының сақталуы туралы ақпаратты қамтитын электрондық құжатты қалыптастырады және оны тасымалдаушыға, ал егер тасымалдаушы декларациялаушы болмаса - декларациялаушыға немесе кедендік транзит кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды декларациялаған кеден өкіліне жібереді;

д) "Тауар өтті" деген белгі қояды, онда аралық кеден органының коды, атауы және күні кк.аа.жж форматында (күн, ай, күнтізбелік жылдың соңғы екі саны) көрсетіледі

және бұл белгі кеден органы лауазымды тұлғасының қолымен және оның жеке нөмірлік мөрінің таңбасымен куәландырылады:

транзиттік декларацияда (егер транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынылған болса);

көлік (тасымалдау) құжаттарында (егер транзиттік декларация жөнелту кеден органына электрондық құжат түрінде ұсынылған болса).

17. Егер осы Тәртіптің 16-тармағының "в" тармақшасында көзделген хабарлама жіберілгеннен кейін, осы хабарламадағы мәліметтер мен тауарларды тасымалдау маршрутының сақталуын растау үшін ұсынылған құжаттардағы және (немесе) мәліметтердегі (транзиттік декларацияның тіркеу нөмірін қоспағанда) айырмашылықтар анықталса, мұндай хабарламаны жіберген кеден органы өзінің ақпараттық жүйесінде анықталған айырмашылықтарды жою үшін мәліметтерді түзетеді.

Мұндай түзету осы Тәртіптің 15-тармағының "а" тармақшасына сәйкес ұсынылған мәліметтері бар транзиттік декларация бойынша кедендік транзит кедендік рәсімінің қолданылуы аяқталғанға (тоқтатылғанға) дейін жүзеге асырылады.

Егер өтініш келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесінде кедендік транзит рәсімінің аяқталғаны (тоқтатылғаны) туралы мәліметтер болмаса, мұндай мәліметтер жөнелту кеден органына тауарларды кедендік транзит кедендік рәсіміне сәйкес шығару туралы сұрау жіберу арқылы алынуы мүмкін.

Мәліметтер түзетілгеннен кейін кеден органы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының жұмыс уақытының 3 сағатынан кешіктірмей, осы Тәртіптің 16-тармағының "в" тармақшасында көзделген кеден органдарына тауарларды тасымалдау маршрутының сақталуы туралы хабарламадағы мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлама қалыптастырып және жібереді.

18. Егер осы Тәртіптің 16-тармағының "в" тармақшасында көзделген хабарлама жіберілгеннен кейін, осы хабарламада көрсетілген транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі мен осы Тәртіптің 15-тармағының "а" тармақшасына сәйкес ұсынылған транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі арасында айырмашылықтар анықталса, мұндай хабарламаны жіберген кеден органы:

анықталған айырмашылықтарды жою үшін өзінің ақпараттық жүйесіне өзгерістер енгізеді;

өзінің ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, осы Тәртіптің 16-тармағының "в" тармақшасында көзделген кеден органдарына:

тауарларды тасымалдау маршрутының сақталуы туралы хабарламаны жою туралы хабарлама;

тауарларды тасымалдау маршрутының сақталуы туралы жаңа хабарлама жібереді.

Осы тармақта көзделген әрекеттер мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының жұмыс уақытының 3

сағатынан кешіктірмей, сондай-ақ кеден органында кедендік транзит рәсімінің аяқталғаны (тоқтатылғаны) туралы мәліметтер болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

19. Осы Тәртіптің 16-тармағының "г" тармақшасында көзделген, тауарларды тасымалдау маршрутының сақталуы туралы ақпаратты қамтитын электрондық құжатты жіберу немесе тасымалдаушының көлік (тасымалдау) құжатын не транзиттік декларацияны осы Тәртіптің 16-тармағының "д" тармақшасында көрсетілген белгімен алуы көлік құралы мен тауарлардың аралық кеден органының қызмет аймағында орналасқан кедендік бақылау аймағынан немесе осы Тәртіптің 15-тармағының "б" тармақшасына сәйкес аралық кеден органы көрсеткен өзге орыннан шығуына негіз болып табылады.

20. Егер кеден органы пайдаланатын ақпараттық жүйе техникалық ақауларға, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің) жұмысындағы бұзылуларға немесе электр энергиясының өшуіне байланысты істен шықса, тауарларды тасымалдау маршрутын белгілеуге, өзгертуге және оның сақталуын растауға байланысты кедендік операциялар қолда бар құралдарды, құрал-жабдықтарды, сондай-ақ жедел байланыс арналары мен ресми хат алмасуды пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Кеден органы ақпараттық жүйесінің ақаулары жойылғаннан кейін, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің) жұмыс қабілеттілігі қалпына келтірілгеннен кейін, сондай-ақ электр энергиясын беру қайта қалпына келтірілгеннен кейін, тауарларды тасымалдау маршрутын белгілеу немесе өзгерту туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ тауарларды тасымалдау маршрутының сақталуы расталған жағдайда, осындай шешімдер қабылдаған немесе тасымалдау маршрутының сақталуын растаған кеден органы лауазымды тұлғасы мүмкіндігінше қысқа мерзімде осы Тәртіпте көзделген кедендік операцияларды іске асырады.